



**ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ МУЗЫКА
ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛелЕРІ,
ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ**
*ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ*

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ, ОПЫТ
И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ
ТРАДИЦИОННОЙ И СОВРЕМЕННОЙ МУЗЫКИ**
*МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ*

**CURRENT ISSUES, EXPERIENCE AND
PERSPECTIVES OF THE DEVELOPMENT OF
TRADITIONAL AND CONTEMPORARY MUSIC**
*MATERIALS OF THE INTERNATIONAL RESEARCH AND PRACTICAL
CONFERENCE*

II TOM / VOLUME II

780(574)(063)

A-21

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОНСЕРВАТОРИЯ им. КУРМАНҒАЗЫ

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
KURMANGAZY KAZAKH NATIONAL CONSERVATORY

**ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ МУЗЫКА ДАМУЫНЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ, ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ**
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 70 жылдық
мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
материалдары
(Алматы, 19 қараша 2014 ж.)

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ, ОПЫТ И ПЕРСПЕКТИВЫ
РАЗВИТИЯ ТРАДИЦИОННОЙ И СОВРЕМЕННОЙ МУЗЫКИ**
Материалы международной научно-практической конференции,
посвящённой 70-летию Казахской национальной
консерватории им. Курмангазы
(Алматы, 19 ноября 2014 г.)

**CURRENT ISSUES, EXPERIENCE AND PERSPECTIVES
OF THE DEVELOPMENT OF TRADITIONAL AND
CONTEMPORARY MUSIC**
Materials of the International research and practical conference dedicated to
the 70th anniversary of the Kurmangazy Kazakh National Conservatory
(Almaty, November 19th, 2014)

II том / volume II

Алматы, 2014

Калман А. Синтезированные музыкально-художественные проекты в творчестве современного камерного оркестра 106

**Секция 4. МУЗЫКАЛЬК МӘДЕНИЕТТИҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ
УПРАВЛЕНЧЕСКИЕ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ
МУЗЫКАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ**

<i>Калиакбарова Л.Т.</i> Педагогические инновации как один из механизмов менеджмента учебным процессом в высшем музыкальном образовании в концепте его реформирования (из опыта КНК им.Курмангазы)	110
<i>Шакеримова З.Ш.</i> Подготовка психолога-педагога для музыкальной сферы: выбор стратегии профессиональной подготовки	115
<i>Рауандина Ш.З.</i> Наш современник - Галия Молдакаримова	120
<i>Бекенова А.С.</i> Музыкальное образование в контексте особенностей социокультурной эпохи: педагогическая интерпретация	124
<i>Хасанова Р.К.</i> Формирование «эффективной личности» арт-менеджера в контексте вузовской подготовки	128
<i>Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н.</i> Психодидактика: точка зрения теории и ожидания практики	132
<i>Сыдықова Р.Ш., Омарбекова Ә.</i> Болашақ педагог-вокалистер мәдениетін қалыптастыруда б.төлегенованың вокалдық шығармашылығының маңызы	136
<i>Менкешов М.М., Наурызбай Ф.</i> Ұлттық музыка мәдениеті негізінде төменгі сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу	139
<i>Кунанбаева М.Н., Завацкая Г.А., Бекенова А.С.</i> Саморегуляция психических состояний у юных музыкантов при переживании сценического волнения	143
<i>Саманова Д.Б.</i> О профессиональной подготовке будущего педагога-психолога музыкального образования к осуществлению этнического воспитания учащихся	147
<i>Сеарук Е.В.</i> Из опыта работы педагога класса камерного ансамбля	150
<i>Бутова Е.В.</i> Социальная компетентность как важный компонент в управлении образовательным процессом	154
<i>Шакеримова З.Ш., Миллер Д.</i> Ассоциативное мышление как проблема музыкального обучения учащихся детских музыкальных школ	157
<i>Шакеримова З.Ш., Маденова Ж.</i> Мектеп оқушыларының ойлауының біртұтастығын дамытудағы «мұрагер» бағдарламасының психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктері	160
<i>Сейітнұр Ж.С., Аденова А.</i> Құрманғазы атындағы азақ ұлттық консерваториясының еліміздегі жоғарғы музыкалық білім беруге қосқан үлесі	163
<i>Садыкова А.</i> Особенности становления профессионального музыкального образования в казахстане	167
<i>Альчымбаева А.Б., Асанова Г.</i> Музыка пәні мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру моделі	171
<i>Альчымбаева А.Б., Дайрабаева М.</i> Мұқан Төлебаевтың шығармаларының тәрбиелік мәні	174

**Секция 5. ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-
ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОГО
МУЗЫКАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

<i>Каирбекова А.Г.</i> Культурфилософский анализ музыкальной культуры	176
<i>Сатыбалдина Т.М.</i> философско-эстетическое образование музыканта как	179

табылады, өйткені салыстыру, талдау, синтездеу әдістері арқылы оқушы жоғары интеллектуалды біртұтас тұлға болып қалыптасады.

Қазіргі заманауи, мобильді-техникалық қоғамдағы өзгерістерге сай білім моделі де өзгеруде. Оқушылардың білім алуы мен тәрбиесі, тікелей білімнің қайнар көзіне, яғни жалпы білім беретін мектептерге байланысты. Сол себепті жалпы білім беретін мектептер: білімді, жан-жақты, толыққанды біртұтас тұлғаны қоғамға дайындап шығаруы қажет.

Осы жерде «Музыка» пәнінің жалпы білім беретін мектептерде үлкен маңызы, мән-мағынасы, қажеттілігі зор екені байқалады, ал «Мұрагер» бағдарламасы «Музыка» пәнінің барлық талаптарына жауап береді. Яғни оқушылардың біртұтас ойлауын дамытуға және біртұтас тұлға болып қалыптасуына бағытталған бағдарлама деп тұжырымдауға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан. 2014 жылғы http://www.akorda.kz/allNews?category_1
2. Гончаренко М.С., Маслова Н.В., Куликова Н.Г. Ноосферное образование – ключ к здоровью. – М: Институт холодинамики, 2011. – 124 с.
3. Гончаренко М.С., Маслова Н.В., Куликова Н.Г. Ноосферное образование – ключ к здоровью. – М: Институт холодинамики, 2011. – 124 с.
4. Н.В.Маслова "Ноосферное образование". 2011-124с[4] И.Н.Шванева " Ноосферная психология". 2011 г.
5. Гончаренко М.С., Маслова Н.В., Куликова Н.Г. Ноосферное образование – ключ к здоровью. – М: Институт холодинамики, 2011. -- 124 с.
6. Аманов Б.Ж, Мұхамбетова А.И. «Система детского эстетического воспитания А. и С. Райымбергеновых». «Казахская традиционная музыка и XX век». – Алматы Дайк – Пресс., 2002 г. 413-414.
7. Айдарбексова Л.А. Методика музыкального воспитания в Казахстане. Методические рекомендации с программой. – Алматы РИК, 1998г.
8. Узакбаева С.А., Кожамбетова К.Ж. Использование материалов казахской этнопедагогике при изучении педагогических дисциплин дополнения к содержанию программы курса. «Педагогика и методика воспит. работы». – Алматы 1977 г.
9. Узакбаева С.А. Организационно -- методическое становление системы музыкально эстетического воспитания учащихся. // Джердималиева В., Момбек А, Ахметова З. Музыкальное образование в Казахстане. «Хрестоматия». – Алматы, 2004 г.

Резюме

В данной статье рассматриваются психолого-педагогические возможности программы «Мураргер» в развитии целостного мышления учащихся общеобразовательных школ, в основе которой лежат жанры народной музыки и мировой культуры.

Summary

In this article is examining the psycholo-pedagogical possibilities of the program "Murager" in the development of the integral thinking of the secondary schools, on the basis of what lies the peoples genres of folk music and world culture.

ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫНЫҢ ЕЛІМІЗДЕГІ ЖОҒАРҒЫ МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

*Сейітнұр Ж.С., психол. ғыл. канд., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушысы
Аденова А., Құрманғазы атындағы ҚҰК 2 курс магистранты*

Қазақстанның музыкалық өнерінің тамыры ғасырлар тереңінде жатыр. Қазақ халқында музыкаға баулу ерте балалық шақтан басталады. Музыкалық білім берудің қайнар көзін сол замандардағы мектеп-медреселерден іздесек кателеспейміз. Алайда, еліміздегі арнайы музыкалық білім берудің дамуына қазан төңкерісі түрткі болды.

Дегенмен, бұл музыкалық білімнің бастауы ғана болды, өйткені ол мазмұндық тұрғыда жаңадан ашылған мектептерде ән-күй сабағымен ғана шектелген. Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстан халық білім беру жүйесі білім беру мекемесінің аздығы мен әр типтілігі, білім беру мазмұнының оңайлығы, оқу-материалдық базасының әлсіздігімен, музыкалық білім беру мәселелерін шешу туралы көзқарастардың көптігімен сипатталған еді.

Қазақ халқының музыкалық өнеріне экономикалық, саяси, мәдениет жағынан өзара байланысқа түскен көрші елдердің де музыкалары ықпал еткенін атап өткен жөн. Заманауи кезеңнің маңызды бір міндеті - өсіп келе жатқан ұрпақтың, өз халқының мәдени және рухани мұраларына деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру. Сол үшін ғылыми - тарихи зерттеулер жүргізу қажет.

Тарихи зерттеулер көрсеткендей, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында музыкалық білім беру дербес ғылым саласы ретінде дами бастады. Оған бірнеше факторлар себепкер болды: біріншіден, бұл қоғамның әлеуметтік жаңаруы және адамгершілік, халықтық, ізгілік, демократизм идеяларының өркендеуіне байланысты еді. Осы кезеңде өмір сүрген орыс классик сазгерлері, педагогтары А.Н.Серов, В.В.Стасов, Ц.А.Кюи, М.Глинка, А.Доргомыжский, П.Чайковский, С.Танеев, Н.Римский-Корсаков және т.б. өнердегі халықтық демократизм, ағартушылық идеяларын дәріптеп, тәрбиені прогрессивті рухпен қанықтыруды батыл талап етті және музыкалық мәдениетті жетілдіру жөнінде құнды пайымдаулар жасап, оларды іс жүзінде жүзеге асыруға атсалысты.

Қазақ халқының сан ғасырлық бай музыкалық мұрасын, музыкалық мәдениетін зерттеу ісі кенестік дәуірде С.Сейфуллин, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, С.Камалов, Р.Бердібаев, т.б. ғалымдар елеулі үлес қосса, қазақ музыка мәдениетін арнайы жинап зерттеген ғалымдар: А.В.Затаевич, А.Э.Бимбоэс, Б.Г.Ерзакович, т.б.; музыканың тарихын Қ.Жұбанов, А.Жұбанов, Б.Құндақбаев, А.Сейдімбек, У.Бекенов, П.Момынов, М.Х.Балтабаев, С.А.Ұзақбаева, А.А.Қалыбекова, Р.Р.Жәрдемәлиева, Ш.Б.Құлманова, М.Х.Мұхтаров, т.б. болды. Олар еңбектерінде қазақтың халық музыкасы мен дәстүрлі көркем мәдениетін оқушылар мен студенттерге музыкалық-эстетикалық тәрбие беруге тиімді пайдаланудың жолдарын қарастырып, педагогикалық мүмкіндіктерін анықтады.

Қазақ музыкасы жайындағы мәліметтер бірқатар Ресей ғалымдарының (А.А.Левшин, А.Е.Алекторов, М.В.Готовицкий, Р.А.Гффенинг, С.Г.Рыбаков, А.И.Ивановский) еңбектерінен де көрініс тапты.

Музыкалық білім беру мен тәрбиеде теориялық және методикалық мәселелерін өңдеуде В.Н.Шацкая, Н.Н.Добровольская, К.С.Грищенко, Т.Л.Беркман, Б.В.Асафьев, О.А.Апраксина, А.К.Белобородова, Д.Б.Кабалевский, И.П.Понамарьков, К.П.Португалов, Е.Я.Гембицкая, Л.Г. Дмитриева, П.В.Халабузарь және т.б. педагогтар мен музыкатанушылар айналысқан.

Қазақстанның кәсіби білім беру мен өнертану мәселелері А.К.Жұбанов, Б.Г.Ерзакович, Б.Г.Физатов, М.М.Ахметова, Б.Р.Қазыханова, П.В.Аравин, Л.А.Хамиди, Н.С.Кетегенова, Г.Л.Арикайнен, И.Н.Жақанов, А.Мұхамбетова, С.Еламанова еңбектерінде зерттелген.

Қазақтың дәстүрлі көркем мәдениеті арқылы студент жастарға музыкалық-эстетикалық тәрбие берудің жолдары бірқатар ғалымдардың еңбектерінде арнайы зерттелді. Мәселен: қазақ халық аспаптық музыкасы арқылы бастауыш сынып оқушыларына музыкалық-эстетикалық тәрбие беруді Т.Қыпқашбаев, Б.Жүсіпов, а. бастауыш сынып оқушыларының қазақ халық аспаптық музыкасына қызығушылығын қалыптастыруды М.Оразалиева, оқушы жастарға эпостық батырлар жыры арқылы музыкалық-эстетикалық тәрбие беруді Б.Сүлейменова, айтыс өнері арқылы эстетикалық тәрбие беруді Ұ.Асанова, өнер сабақтастығы арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру мәселесі М.Нағымова, т.б. еңбектерінен көрініс тапты. Қазақстандағы музыкалық білім беру мен өнертану мәселелері Б.Г.Физатов, М.М.Ахметова, Б.Р.Қазыханова, П.В.Аравин, Л.А.Хамиди, Н.С.Кетегенова, М.Х.Балтабаев, А.Райымбергенов, Г.Л.Арикайнен, І.Ж.Жақанов, С.А.Еламанова, т.б. еңбектерінде терсе

Дегенмен, бұл музыкалық білімнің бастауы ғана болды, өйткені ол мазмұндық тұрғыда жаңадан ашылған мектептерде ән-күй сабағымен ғана шектелген. Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстан халық білім беру жүйесі білім беру мекемесінің аздығы мен әр типтілігі, білім беру мазмұнының оңайлығы, оқу-материалдық базасының әлсіздігімен, музыкалық білім беру мәселелерін шешу туралы көзқарастардың көптігімен сипатталған еді.

Қазақ халқының музыкалық өнеріне экономикалық, саяси, мәдениет жағынан өзара байланысқа түскен көрші елдердің де музыкалары ықпал еткенін атап өткен жөн. Заманауи кезеңнің маңызды бір міндеті - өсіп келе жатқан ұрпақтың, өз халқының мәдени және рухани мұраларына деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру. Сол үшін ғылыми - тарихи зерттеулер жүргізу қажет.

Тарихи зерттеулер көрсеткендей, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында музыкалық білім беру дербес ғылым саласы ретінде дами бастады. Оған бірнеше факторлар себепкер болды: біріншіден, бұл қоғамның әлеуметтік жаңаруы және адамгершілік, халықтық, ізгілік, демократизм идеяларының өркендеуіне байланысты еді. Осы кезеңде өмір сүрген орыс классик сазгерлері, педагогтары А.Н.Серов, В.В.Стасов, Ц.А.Кюи, М.Глинка, А.Доргомыжский, П.Чайковский, С.Танеев, Н.Римский-Корсаков және т.б. өнердегі халықтық демократизм, ағартушылық идеяларын дәріптеп, тәрбиені прогрессивті рухпен қанықтыруды батыл талап етті және музыкалық мәдениетті жетілдіру жөнінде құнды пайымдаулар жасап, оларды іс жүзінде жүзеге асыруға атсалысты.

Қазақ халқының сан ғасырлық бай музыкалық мұрасын, музыкалық мәдениетін зерттеу ісі кенестік дәуірде С.Сейфуллин, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, С.Камалов, Р.Бердібаев, т.б. ғалымдар елеулі үлес қосса, қазақ музыка мәдениетін арнайы жинап зерттеген ғалымдар: А.В.Затаевич, А.Э.Бимбоэс, Б.Г.Ерзакович, т.б.; музыканың тарихын Қ.Жұбанов, А.Жұбанов, Б.Құндақбаев, А.Сейдімбек, У.Бекенов, П.Момынов, М.Х.Балтабаев, С.А.Ұзақбаева, А.А.Қалыбекова, Р.Р.Жәрдемәлиева, Ш.Б.Құлманова, М.Х.Мұхтаров, т.б. болды. Олар еңбектерінде қазақтың халық музыкасы мен дәстүрлі көркем мәдениетін оқушылар мен студенттерге музыкалық-эстетикалық тәрбие беруге тиімді пайдаланудың жолдарын қарастырып, педагогикалық мүмкіндіктерін анықтады.

Қазақ музыкасы жайындағы мәліметтер бірқатар Ресей ғалымдарының (А.А.Левшин, А.Е.Алекторов, М.В.Готовицкий, Р.А.Пфенинг, С.Г.Рыбаков, А.И.Ивановский) еңбектерінен де көрініс тапты.

Музыкалық білім беру мен тәрбиеде теориялық және методикалық мәселелерін өңдеуде В.Н.Шацкая, Н.Н.Добровольская, К.С.Грищенко, Т.Л.Беркман, Б.В.Асафьев, О.А.Апраксина, А.К.Белобородова, Д.Б.Кабалевский, И.П.Понамарьков, К.П.Португалов, Е.Я.Гембицкая, Л.Г. Дмитриева, П.В.Халабузарь және т.б. педагогтар мен музыкатанушылар айналысқан.

Қазақстанның кәсіби білім беру мен өнертану мәселелері А.К.Жұбанов, Б.Г.Ерзакович, Б.Г.Физатов, М.М.Ахметова, Б.Р.Қазыханова, П.В.Аравин, Л.А.Хамиди, Н.С.Кетегенова, Г.Л.Арикайнен, И.Н.Жаканов, А.Мұхамбетова, С.Еламанова еңбектерінде зерттелген.

Қазақтың дәстүрлі көркем мәдениеті арқылы студент жастарға музыкалық-эстетикалық тәрбие берудің жолдары бірқатар ғалымдардың еңбектерінде арнайы зерттелді. Мәселен: қазақ халық аспаптық музыкасы арқылы бастауыш сынып оқушыларына музыкалық-эстетикалық тәрбие беруді Т.Қышқашбаев, Б.Жүсіпов, ал бастауыш сынып оқушыларының қазақ халық аспаптық музыкасына қызығушылығын қалыптастыруды М.Оразалиева, оқушы жастарға эпостық батырлар жыры арқылы музыкалық-эстетикалық тәрбие беруді Б.Сүлейменова, айтыс өнері арқылы эстетикалық тәрбие беруді Ұ.Асанова, өнер сабақтастығы арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру мәселесі М.Нағымова, т.б. еңбектерінен көрініс тапты. Қазақстандағы музыкалық білім беру мен өнертану мәселелері Б.Г.Физатов, М.М.Ахметова, Б.Р.Қазыханова, П.В.Аравин, Л.А.Хамиди, Н.С.Кетегенова, М.Х.Балтабаев, А.Райымбергенов, Г.Л.Арикайнен, І.Ж.Жаканов, С.А.Еламанова, т.б. еңбектерінде теріс

талдауға алынды. Жоғарыда аттары аталған музыка зерттеушілері мен педагог-ғалымдардың еңбектерінсіз Қазақстандағы музыкалық-мәдени мұраның даму жолдарын айқындау мүмкін емес.

Соған қарамастан, Қазақстандағы музыкалық-мәдени мұраның толықтай даму тарихы бүгінгі күнге дейін арнайы зерттелмеген. Соның ішінде, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық Консерваториясының үлесі арнайы қарастырылған емес. Демек, еліміздегі музыкалық педагогика және психология тарихын жан-жақты қарастырып, толықтыру қажеттілігі мен оның бүгінгі ғылыми әдебиеттердегі көрініс табу арасындағы қарама-қайшылықтардың бар екендігін аңғардық. Егер де бұл көкейкесті мәселелер шешімін тапса, жоғары оқу орындарында оқитын студент жастарға кешенді (музыкалық, эстетикалық, педагогикалық және психологиялық) тәрбие берудің пәрменді құралы болып та саналар еді.

Зерттеушілер Қазақстандағы музыкалық білім беруді төрт кезеңге бөледі [1, 12 б.].

1-ші кезең (194-1959ж.ж) – Қазақстандағы жоғары музыкалық білімнің қалыптасуы.

Соғыс жылдарының қиындықтырына қарамастан мемлекет басшылығы ғылым, білім және мәдениетті назардан тыс қалдырмады. Бұның бір үлкен дәлелі орталық жоғары орындарды мемлекеттің қауіпсіз райондарына ауыстырылып, сақтап отырған. Соғыс жылдарында Алматы қаласына Москва, Ленинград, Киев, Воронеж және т.б. ірі қалаларынан 12 жоғары оқу орындары ауыстырылып жұмысын жалғастырған. Сонымен қатар соғыс жылдарында экономикалық, әлеуметтік қиындықтарға қарамастан елде жаңадан жоғары оқу орындары ашыла бастаған.

Музыкалық білімнің қарқынды дамуының нәтижесі Алматы мемлекеттік консерваториясының, яғни бірінші музыкалық жоғары оқу орнының 1944 жылы ашылуы болды. Әр мемлекеттен, қалалардан көшіріліп алып келген педагог-музыканттар жоғары музыкалық білім беру мәселелерін шешуде, жоғары білікті ұлттық кадрларды, музыкант-орындаушы, композитор, дирижер сияқты мамандарды дайындауға белсенді атсалысқанын архивтегі құжаттар растап отыр. Соған мысал, совет қазақ композиторларын даярлау мәселелерімен Мәскеу консерваториясының атақты профессорлары, кеңес композиторлары Н.Я. Мясковский, Р.М. Глиэр, Ю.А. Шапорин айналысып, бұл Қазақстан композиторларының шығармашылығына үлкен әсер етті.

Дерекнама талдауында консерватория жоғары музыкалық оқу орнының түлектеріне Қазақстанның барлық аймақтары мұқтаж болғанын көрсетеді. Жас мамандарды Қазақстанның әр аймақтарына барлық музыкалық оқу орындарына, өнер мекемелеріне жіберіліп отырған. 1-ші кезең жоғары музыкалық білімнің пайда болуымен, қалыптасуымен, 1-ші музыкалық жоғары оқу орнының ашылуымен мінезделеді. Осы кезеңнің ерекше белгісі жоғары музыкалық мектептің білім ұйымының процессіне, материалдық-техникалық негізінің дамуына қатысты барлық сұрақтарына орталық кеңес одағының жоғары және орта арнайы білім министрлігімен бірлесе айқындалып шешіліп отырған. Сол уақыттары консерватория мұғалімдері белсенді түрде зерттеулер жүргізіп, ұлттық компоненттен тұратын кітаптар шығара бастаған. Бұл кітаптардың репертуар тізіміне Қазақстан композиторларының шығармалары енген. Мақсатты түрде домбыра, қобыз, бас-қобыз, сыбызғы және т.б. мамандықтар бойынша мамандар дайындалды.

2-ші кезең (1960-1990ж.ж). Бұл кезең жоғары музыкалық білім жүйесінің дамуы ретінде сипатталған. Педагогикалық жоғары оқу орындарында музыкалық білімнің дамуының негізіне әсер еткен 1958 ж. 28 желтоқсанда КСРО Кеңесінің қабылдаған «Мектеп пен өмірдің байланысын бекітіп, КСРО халқының білімін дамыту» туралы заңы енді, сонымен қатар 1961 жылдың 5 шілдеден бастап ЦК КПСС пен КСРО министрлерінің «Жалпы білім беретін мектептерді мұғалімдер кадрларымен қамтамасыз ету» атты қаулы шығарылды. Бұл құжаттарда ЦК КПСС және КСРО совет министрлігі ЦК компартияларына және кеңес мемлекеттерінің министрлер одағына жалпы білім беретін мектептерді білікті мұғалімдер кадрларымен қамтасыз ету жоспарында кемшіліктерді жою міндеттелді. Жоғары білімі бар, сауатты мұғалім-музыканттар мемлекет сұранысы,

талабы бойынша Қазақстанда педагогикалық жоғары оқу орындарында музыкалық факультеттерінің ашылуы болды.

3-кезең (1991 – 2003 ж.ж.) Қазақстан республикасының жаңа әлеуметтік жағдайда жоғары музыкалық білімінің дамуы. Бұл кезең Қазақстан мемлекетінің тәуелсіз болып қалыптасуы, кеңес одағының социалистік империясының ыдырауы, кеңес идеологиясының қирауымен бейнеленеді. Қазақстан Республикасында болған саяси және экономикалық өзгерістер білім жүйесінің инновациялық жағынан қайта құрылуына алып келді. 90-жылдардағы халық салт-дәстүрдің жаңғыруы жоғары музыкалық оқу орындарында жаңа мамандықтардың ашылуына алып келді. Осылай 1990 ж. Қызылорда педагогикалық институтында «Дәстүрлі музыкалық өнер» атты кафедра құрылады.

Мемлекеттік емес білім секторлардың дамуы, жоғары оқу орындарында оқитын соның ішінде музыкалық бағытта оқитын студент жастарының санының өсуіне алып келді (Академиялық инновациялық университеті, «Болашақ» университеті, Қостанай әлеуметтік-техникалық университеті, «Сырдария» университеті, Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті).

Үлкен саяси-экономикалық қадам 1998 ж. астананы Астана қаласына көшірілуі республиканың экономикасының өсуіне, астананың мәдени өмірінің көтерілуіне әсер етті. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың қолдауымен 1998 ж. 31 наурыз күні Астана қаласында Қазақ ұлттық музыка академиясы ашылды. 90 жылдардың ортасында мемлекеттік стандарттар мен мамандықтардың сыныптаушысының пайда болуы, мемлекеттік педагогикалық жоғары оқу орнындағы музыкалық педагогикалық білім мекемесіне тән музыкалық мамандықтардың алуан түрлі атаулардан бас тартуына алып келді («Музыка және ән салу», «Музыка және хореография», «Қосымша музыка мамандығымен бастауыш білім беру әдісі»), бірақ олардың мазмұнының жарлылануы емес керісінше бірнеше музыкалық бағыттағы мамандықтардың мазмұнының интегралдануына алып келгеніне көз жеткіземіз. Сөйтіп 3-ші кезең Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуымен, кеңес идеологиясының қирауымен, халықаралық жоғарғы музыкалық білімнің қалыптасуымен сипатталады.

4 кезең (2004-2010 ж.ж.). Бұл кезең жоғары музыкалық білім жүйесінің жаңғыруымен, әлемдік білім кеңістігіне кіруімен белгіленген. 2004 жылы ақпанда Қазақстан үкіметі 2015 жылға дейінгі білім жүйесінің даму концепциясын қабылдады. Осы концепция негізінде 2010 жылға дейін Қазақстан Республикасында Мемлекеттік білімінің даму бағдарламасы құрастырылды. Бұл Мемлекеттік бағдарлама бойынша 2005-2010 жыл аралығындағы Қазақстанның барлық жоғары оқу орындарында, соның ішінде музыкалық жоғары оқу орындарында білім жүйесі кредиттік жүйеге ауыстырылды. Кредиттік жүйенің үлкен құндылығы студенттердің белсенділігі мен өз бетінше оқып, ізденуінің күшеюі болып табылады.

2004 жылдан бастап консерватория жоспарлы түрде кредиттік оқу жүйесіне ауысады, жаңа мамандықтар мен кафедралар ашылады. (арт-менеджмент, музыкалық білім берудегі педагогика және психология).

2004 жылы Қазақстан жоғары оқу орындарының, соның ішінде музыкалық жоғары оқу орындарының музыкалық білім жүйесінің сапасын күшейтуде ресми түрде «Сапа менеджменті» атты жүйе ендіріледі. Қазақстан жоғары оқу орындары халықаралық ынтымақтастық каналын кеңейтеді. Соған мысал консерватория Еуропалық консерватория қауымдастығымен, Париждегі жоғары музыкалық мектептермен, «Түрік халқының музыкасы атты халықаралық қауымдастықтарымен істес болады. Музыкалық-педагогикалық факультеттері де халықаралық қауымдастықтарымен істес болады. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университет АҚШ-тағы (Нью-Йорк) Азия орталығымен, Женева Швейцариямен істес болады.

Қазақстанда жоғары музыкалық білімнің мазмұнымен ғылыми-теориялық негіздерінің жетілдіру мақсаты мен дамуында озық қадамдарын атап өту қажет. Соның ішінде Қазақстан Республикасының 2007-2011 жылдар аралығында кіргізілген «Қазақстан

Республикасының музыкалық білімінің дамуы» атты жобасында заманауи музыкасының дамуы халықтық жүйесі негізінде құрылған синтезбен, әлем музыка мекемесінің тәжірибесі, музыкалық заманауи даму концепциясы құрылды. Төртінші кезең көп деңгейлі жүйенің құрылуымен бәсекеге лайықты, құзырлы музыкалық-педагогикалық кадрлардың шетел тәжірибесін есепке ала отыра жаңа формациялардың құрылуымен бейнеленіп отыр. (Бакалавриат-магистратура-PhD). Қазақстан Республикасының әлемдік білім беру аумағына кіруіне байланысты халықаралық ынтымақтастық, студенттермен айырбас, профессорлық-мұғалімдердің құрамдарының халықаралық тәжірибе алмасулары жандана түсті.

Еліміздегі музыкалық білім берудің жоғары шыңы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы болып табылады.

Құрманғазы атындағы ҚҰК – жетпіс жыл бойы Қазақстан мен шет елдерде қажет білікті мамандарды дайындауда жоғары деңгейде қамтамасыз етіп келе жатқан Қазақстан Республикасындағы алғашқы музыкалық жоғары оқу орны. Құрамында музыкатану және менеджмент факультеті, аспаптық орындаушылық факультеті, вокал және дирижерлау факультеті, халық музыкасының факультеті сияқты факультеттер мен жалпы білім беру кафедрасы бар. Оның тарихын, әсіресе, Қазақстандағы музыкалық білім беруге қосқан үлесін магистр-ізденушілер тарапынан арнайы зерттеу маңызды мәселе деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Гизатов Б.Г. Музыкальное образование в Казахстане. – Алма-Ата: Мектеп, 1975. – с. 80
2. Жубанов А.К., Ерзакович Б.Г. Развитие искусства Казахстана в период строительства социализма и коммунизма. – Алма-Ата; АНН.КАЗССР. 1962г., 20 стр.

Резюме

В статье рассматриваются проблемы развития и становления музыкального образования в Казахстане, в том числе вклад Казахской национальной консерватории им. Курмангазы в развитие высшего музыкального образования в стране.

Summary

In the article, the problems of development and establishment of music education in Kazakhstan, including the contribution of the Kazakh National Conservatory (Kurmangazy) to the development of higher musical education in the country, are considered.

ОСОБЕННОСТИ СТАНОВЛЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО МУЗЫКАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Садыкова А., магистрант КНК им. Курмангазы

Музыкальное образование является неотъемлемой частью целостного пространства культуры, социальным и культурным феноменом, играющим значительную роль в развитии этого пространства. Все возникающие сегодня проблемы и противоречия обусловлены недопониманием взаимосвязанности и взаимообусловленности процессов, происходящих в пространстве современной культуры, и необходимостью поиска решений в системе музыкального образования, адекватных этим процессам. Строительство актуальных музыкально-образовательных моделей базируется на осознании парадигмальных сдвигов, происходящих как в современном социокультурном пространстве, так и в системе предпрофессионального и профессионального музыкального образования. Для определения стратегии дальнейшего развития этой системы необходимо осмысление основных закономерностей и тенденций, детерминирующих сегодня дальнейшие перспективы совершенствования музыкально-педагогического пространства.